Әділет

# Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 қарашадағы "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" № 508 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

***Күшін жойған***

Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 218 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 24 мамырда № 4715 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі № 289 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 18.09.2025* № 289 *қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).*

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағының 20-4) тармақшасына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы облысы әкімдігінің "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" 2017 жылғы 17 қарашадағы № 508 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4405 тіркелген, 2017 жылдың 15 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы, осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редацияда баяндалсын.

2. "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен кейін он жұмыс күні ішінде " Алматы облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ж. Омарға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облысының әкімі* *А. Баталов*

Алматы облысы әкімдігінің 2018 жылғы "10" мамыр № 218 қаулысына қосымша

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 қарашадағы № 508 қаулысына қосымша

**Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшері**

| № | Атауы | Төлемдерінің мөлшері (теңге) | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Спортшылар | | | Жаттықтырушылар | | | Клубтық командалардың жетекшілері | | |
| | | 1 орын | 2 орын | 3 орын | 1 орын | 2 орын | 3 орын | 1 орын | 2 орын | 3 орын |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Олимпиада спорт түрлері | | | | | | | | | | |
| 1 | Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада Ойындары | | 400 000 | 300 000 | | 40 000 | 30 000 | | | |
| 2 | Азия, Параазия және Сурдазия Ойындары | 250 000 | 200 000 | 150 000 | 25 000 | 20 000 | 15 000 | | | |
| 3 | Ересектер арасында Әлем Чемпионаты | 250 000 | 200 000 | 150 000 | 25 000 | 20 000 | 15 000 | | | |
| 4 | Ересектер арасында Азия Чемпионаты, Шығыс Азия Ойындары, Ислам Ойындары, Дүниежүзілік Универсиада | 200 000 | 150 000 | 100 000 | 20 000 | 15 000 | 10 000 | | | |
| 5 | Жастар, студенттер арасында Әлем Чемпионаты, ересектер арасында жабық бөлмеле | 150 000 | 120 000 | 100 000 | 15 000 | | 10 000 | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | рде Азия Ойындары, Орталық Азия Ойындары, Әлем Кубогы | | | | | 12 000 | | | | |
| 6 | Жасөспірімдер олимпиада Ойындары | 120 000 | 100 000 | 70 000 | 12 000 | 10 000 | 7 000 | | | |
| 7 | Жасөспірімдер арасында Әлем Чемпионаты, Жастар арасында Азия Чемпионаты | 100 000 | 70 000 | 50 000 | 10 000 | 7 000 | 5 000 | | | |
| 8 | "Азия Балалары" | 50 000 | 40 000 | 30 000 | 5 000 | 4 000 | 3 000 | | | |
| 9 | Ересектер арасында Қазақстан Республикасының Чемпионаты, Қазақстан Республикасының Спартакиадасы | 50 000 | | | 5 000 | | | 5 000 | | |
| Олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлері | | | | | | | | | | |
| | Дүниежүзілік Универс | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | иада, ересектер арасында Әлем Чемпионаты және Кубогы, Әлем барысы, Еуразия барысы | 150 000 | 100 000 | 70 000 | 15 000 | 10 000 | 7 000 | | | |
| 2 | Жастар, студенттер арасында Әлем Чемпионаты, ересектер арасында Әлем Кубогы, Қазақстан барысы, көшпенділер Ойындары | 120 000 | 100 000 | 70 000 | 12 000 | 10 000 | 7 000 | | | |
| 3 | Жасөспірімдер арасында Әлем Чемпионаты | 70 000 | 50 000 | 30 000 | 7 000 | 5 000 | 3 000 | | | |
| 4 | Ересектер арасында Азия Чемпионаты | 100 000 | 70 000 | 50 000 | 10 000 | 7 000 | 5 000 | | | |
| 5 | Жастар арасында Азия Чемпионаты | 70 000 | 50 000 | 30 000 | 7 000 | 5 000 | 3 000 | | | |
| | Қазақстан | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Республикасының Чемпионаты, Халық, Ауыл Ойындары, ұлттық спорт түрлері бойынша Фестиваль | 50 000 | | | 5 000 | | | 5 000 | | |
| Паралимпиада және Сурдлимпиада спорт түрлері | | | | | | | | | | |
| 1 | Ересектер арасында Әлем Чемпионаты, Дүниежүзілік ойындары | 150 000 | 100 000 | 70 000 | 15 000 | 10 000 | 7 000 | | | |
| 2 | Жастар арасында Әлем Чемпионаты | 120 000 | 70 000 | 50 000 | 12 000 | 7 000 | 5 000 | | | |
| 3 | Жасөспірімдер арасында Әлем Чемпионаты | 100 000 | 50 000 | 30 000 | 10 000 | 5 000 | 3 000 | | | |
| 4 | Ересектер арасында Азия Чемпионаты | 120 000 | 100 000 | 70 000 | 12 000 | 10 000 | 7 000 | | | |
| 5 | "Азия Балалары", жастар арасынд | 70 000 | 50 000 | 30 000 | 7 000 | | 3 000 | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | а Азия Чемпионаты | | | | | 5 000 | | | | |
| 6 | Ересектер арасында Қазақстан Республикасы Чемпионаты, Қазақстан Республикасы Спартакиадасы, Қазақстан Республикасының Паралимпиада, Сурдлимпиада Ойындары | 50 000 | | | 5 000 | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК